

Бекітілген

Циклограмма
«Күншуақ» кіші тобы
I апта (24.03-25.03 сәуір 2021ж)
Өтпелі тақырып: «Табиғаттың гүлденуі »

Мақсаты: қоршаған орта, экология мәдениет негіздері және табиғатқа ұқыпты қарау туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру балалардың табиғат құндылығы және онда өзін ұстау тәртібі туралы білімін дамыту, балалардың табиғатпен араласудан жағымды тәжірибе алуы, көктемде барлық жаратылыстың көктейтіні туралы білімдерін қалыптастыру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақша туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. (Тұтас бала бейнесі)				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)				Дамытушы ойын: «Қыстап қалатын және жыл құстары» Мақсаты: құстарды ажыратады, сипаттайды, суреттерді топтастырады. (құрылымдалған ойын)	Балалармен көктем мезгілі туралы әңгімелесу. 4К (сыни ойлау) Үстел үсті ойыны: «Көлеңкесінен таны» (еркін ойын)
Таңертеңгі гимнастика	Таңертеңгілік жаттығу комплексі №29	Таңертеңгілік жаттығу комплексі №29	Таңертеңгілік жаттығу комплексі №29	Таңертеңгілік жаттығу комплексін №29	Таңертеңгілік жаттығу комплексін №29
Таңғы ас	Таңғы аста тамақтарын тауысып жеп, майлықтарды қолдануға үйрету, бата беру.				
Ойындар,	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын жаттығулар.				

ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық				Көктем мезгілі жайлы әңгімелесу, жұмбақтар жасыру (4К сыни ойлау, коммуникативтілік)	Дидактикалық ойын: « Не артық? » Мақсаты: көктемгі киім түрлерін атайды және өзге мезгілдегі киім түрлерінен ажыратады. (құрылымдалған ойын)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі				1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Бақ-бақ гүлін қарау Мақсаты: Балалар өсімдіктерді күтуде еңбек әрекеттерін білдіретін сөздерді қолдана біледі. Өсімдіктерді аялап күте алады. Әдіс-тәсіл: 1. сұрақ-жауап 4К коммуникативтілік дамыту 2. табиғатты қорғау туралы мазмұнды суреттер бойынша түсінік беру.сыни ойлау 3.Қимылды ойын: «Жақсы жаман» 4.Дидактикалық ойын: «Осылай дұрыс па?» Құрылымдалған ойын 5.От шашу әдісі бойынша бағалау 2.Дене шынықтыру	1.Дене шынықтыру (пән жетекшілігімен) 2.Сенсорика Тақырыбы: Түрлі –түсті гүлдер Мақсаты: Фланелеграфта түрлі-түсті гүлдерді орналастыру барысында жоғары - төмен, үстінде-астында кеңістіктік ұғымдарын ажырата алады. Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру Сұрақ-жауап, үлгі көрсету Ойын П.О «Атын атап бер» Мақсаты: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қ.О «Гүлдер» Мақсаты: Түстерді ажыратады. Е.О «Ұшты-ұшты» Балаларды шапшаңдыққа баулу

Серуенге дайындық	Серуенге шығу кезінде балалардың рет-ретімен киінуін қадағалап,қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен (Бақылау)				Серуенде жол көліктерін бақылау. Мақсаты: Көліктер туралы білімдерін кеңейту. Еңбек: Құстарға жем салу. Мақсаты: Еңбек-қорлыққа баулу. Қимылдық ойын: « Ұшты-ұшты» Мақсаты: Аңғарымпаздыққа, ептілікке тәрбиелеу.	Серуенде ағаштарды бақылау. Мақсаты: көктемгі ағаштар тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Еңбек: Аула тазартушыға көмектесу. Мақсаты: Үлкендерге көмек беруге баулу. Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан» Мақсаты: Ойын шараларына сай қимыл-қозғалыстар жасауға баулу.
Серуеннен оралу	Балаларды серуеннен оралғанна кейін рет-ретімен киімдерін шешіп,шкафтарына жинауға дағдыландыру. Гигиеналық шараларды орындау.				
Түскі ас	Түскі аста тамақтарын тауысып жеп,майлықтарды қолдануға үйрету,бата беру.				
Ұйқы	Балаларға баяу әуенмен,жайлы ұйықтауға жағдай жасау,ұйқыларын бақылау.				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары				Жәй ырғақты әуенмен балаларды ояту. Сергіту гимнастикасы. «Топ топ аяқ басамыз Жылдам қимыл жасаймыз Түске дейін ұйықтайтын, Еріншектен қашамыз. Топ топ топ жүгірдім Жұлдыздарға үңілдім Ойын ойнап бой сергіп Қызықты өтті бүгін күн.	Жәй ырғақты әуенмен балаларды ояту. Киімдерін оң кейіп жаттығу жасау арқылы ұйқыларын ашады. «Көтер қолды» жоғары, Құстар қанат қағады Жел аяқтар жүгірер. Жерге тимей табаны Оңға сол бүгілген Қане, жылдам жүгірген, Шымырлықтың мәнісі Шынығуда ұнаған» Төсектерін жинай білуге дағдыландыру
Бесін ас	Бесін асты тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру. Ас қайтару.				
Ойындар, дербес әрекет				Отан туралы мақалдар жаттау. Отан -оттанда ыстық. Туған жерге туыңды тік.	Шығармашылық ойын: «Түлкі мен қоян» ертегісі Мақсаты: Балалардың әртістік шеберліктерін шыңдау.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	«Денсаулық» саласы бойынша Аяулымменмен «Допты қағып ал» ойынын ойнату. Мақсаты: допты дәлдеп лақтыруға, жоғарыдан қағып алуға дағдыландыру.	«Коммуникация» білім беру саласы. Аяулым мен Альтаирге суреттегі заттардың атын айтуды үйрету.	«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша Изен мен Томириске әннің сөздерін мнемотехника кестесі арқылы жаттату.	Сардар мен Исламға мүсіндеудің қарапайым тәсілін меңгерту. Ермек- сазбен жұмыс.	
Серуенге дайындық	Серуенге ұқыпты киініп шығу.				

Серуен	Күннің І жартысындағы бақылау жұмыстарын бекіту.
Кешкі ас	Кешкі асқа дайындық
Балалардың үйге қайтуы. (Тұтас бала бейнесі)	«Алақай көктем!» тақырыбындағы сурет көрмесіне қатысуға шақыру.